

Г2005


883 4




ӘБДІРАХМАН ЖӘМИ Фазелдер









ӘБДІРАХМАН ЖӘМИ

Ғазелдер



“АУДАРМА” БАСПАСЫ
АСТАНА – 2004

ББК 84 Тәж 7-5

Ж 36

Қазақстан Республикасы Ақпарат
министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылды

Жәми Әбдірахман.

Ж 36 Фазелдер. Аударған Сейфолла Оспан.

Астана: Аударма, 2004. — 112 бет.

ISBN 9965-18-117-9

Жер олемге Шығыстың “Жеті жұлдызы” болып атап-
ған Орта Азияның бір кезделгі жыр дүйнөлдерінің аты
мәнінгі оник емес. Ойткені олар барша жыр олемінің
орелі ошемі жөне тұтырылы тұтастығы бол қалғанына
не заман. Солардың ең кеңжелерінің бірі сонау XV ғасырда
омір сүрген Әбдірахман Жәми еді. Біз осы жинақта сол
Әбдірахман Жәми бабамыздың гажап жырларын алда-
рынызға тарту етиң отырған жайымыз бар және сонымен
бірге тек Шығыска ғана тән жыр турлерін де үсүніп
отырмыз. Оған шайырдың Гашықнама, Қасретнама
газелдерімен бірге Гүлстан, Фибратнама, Мұраббаларын
бергенде жоң кордик. Теңіз суының дәмі тамызыдан... де-
гендегі бір кезделгі шайырлық жолдағы дана ғұламамыз-
дың жырынан бүтінгі оқырман, сіздер де сусындан
корініздер.

Ж 4702510102-124
00(05) - 04

ББК 84 Тәж 7-5

ISBN 9965-18-117-9 © "Аударма" баспасы, 2004.

© Қазақстанның кітап графикасы
суретшілерінің қоғамдық бірлес-
тігі, 2004.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЕСІК АКАДЕМИЯЛЫҚ КИТАРХАНАСЫ

66013637

ӘБДІРАХМАН ЖӘМИ

/1414-1492/

Орта ғасырлық Шығыс ойшылдарының ірі тұлғаларының бірі Нұр-Әд-Дин Әбдір-әр-Рахман ибн Ахмед Жәми 1414 жылы қараашада, яғни XV ғасырдың басында Хорасан жеріндегі Жам шаһарында дүниеге келген көрінеді. Өзінің құпия есімінің дә Жәми болуы сол туған шаһарына байланысты айтылған. Ата-аналары да сол кездегі оқыған білімдар жандар болса керек. Өйткені Әбдірахман Жәмидің 4-5 жасынан хат танып, жаза білгендігі бізге аян.

Кейін, көп ұзамай Әбдірахман Жәмидің үйіші Герат қаласына көшіп келіп, ғұмырының 60 жылдай уақытын сонда өткізеді. Алдымен Герат қаласындағы медреседе оқып, кейін Самарқанға ауысып, нақты және жаратылыстану ғылымдарымен шұғылдана жүріп, оған қосымша Накшбандының сопылық жолын

ұсташа ілімімен де танысып-біліседі. 1454 жылы Герат шаһарына қайтып келгеннен соң сопылық жолына біржола түсіп, 1456 жылы оның ең басты адамдарының бірі бол танылады. Әрі ақын, әрі ғұламаның бүл жолға біржола бас қоюына үш себеп болса керек.

Біріншіден, сол кезде қатты дамып келе жатқан сопылық жолдың адамзаттың таза жолға түсуіне пайдасы тимесе де зияны тимейтіндігі әсер етсе керек, яғни адал ғұмыр кешудің бірден-бір ақиқат жолы да және оның үағызы да сол төңіректен шығып жатқандықтан да болар.

Екіншіден, адамзат баласын қалыптан еріксіз шығаратын түрлі-түрлі лауазымды әкімшіліктен сақтайтын бірден-бір жол да осы сопылық жол болған. Өйткені заманында аса білгір ғұлама болған Әбдірахман Жәми сияқты данышпан адамдарды, сол кездегі Герат сұлтандары мен Самарқант үкіметтері бірінен соң бірі небір жоғарғы дәрежелі қызметтерге шақырып маза бермеген. Содан да болар, әкімшілікке бой үрған адамның біреууге жақсылық жасаған-

мен біреуге қиянат жасайтынын алдын ала сезген Әбдірахман Жәми сопылық жолға біржола бет бұрған. Өйткені сол заманда сопылық жолға түскендерді әкімшілік жолға онша қыстай алмайтыны анық.

Үшіншіден, сол дәуірде Герат шаһарындағы сопылық жолдың басшысы Саададдин Қашқаридың немересіне үйленгені де себепші болған болар. Кейін Саададдин Қашқари қайтыс болғанда орнына осы Әбдірахман Жәмиді тағайындауды ел.

Бірақ Әбдірахман Жәми бірыңғай діни жолға түскенмен, өзінің кең парасатты ғұламалық және ақындық жолынан әсте алшактап кеткен емес, қайта оның ішкі құпиялық тылсым сырына құныға құмарташып, оның көүсар тұнбасына қаныға түсті. Оның куәсі боларлық шығармаларының қасида, таржибанд, таркибанд, ғазелдер, меснеби, қыта, рубаги, муамма, мұрабба, фарды сияқты түрлі-түрлі өлең формаларымен бірге әр қылыштақтырыпты қамтитын “Хафт ауранг” (Жеті тақ) атты күрделі де көлемді жеті дастанының өзі не тұрады. Оның үстінен бұл кісі

өнердің жеті тылсымымен бірдей тыныстаған десе де болғандай. Өйткені ол ақындықпен қатар сан-салалы ғылымның ғұламалылығымен де, музыкасымен де, суретшілігімен де, каллиграфиясымен де айналысқан жан. Бұлардың қай саласынан болмасын атағы асқан қаншама шәкірттер тәрбиелеп шығарған. Суретші Бехзод; каллиграфист Султонали, Мирали және көптеген музыканнтар, тіпті кейде өзі де музыка жазып кететін болған. Діни ілімдерден Абдулгафур Лари, Камаладдин Масуди, Ширвани, Мұхаммед Баҳрабади тағы басқалар; ал әдебиетшілерден Әлішер Науай, Баяни, Бинаи, Сухайли, Даuletshaх Самарханди, Хатифи, Ками, Сайфи және көптеген аты белгілі шәкірттер тәрбиелеген. Тіпті бұл аздай-ақ ақыл-кеңес алуға алыстан келіп жаттындары аз болмаған. Тек қана Хорасанның ғана емес, сонау Мауераннахрдан, Азербайжаннан, Үнді мен Ирактан, Түрік пен Араб елдерінен келіп тағзым етіп, тәліміне жығылғандар аз болмаған. Сөйтіп бір өзі қасиетті ұлы ордаға айналған Әбдірахман Жәмидің

шығармалары бүкіл әлемге кеңінен қанат жайған құбылысқа айналады. Және ол соныңың жолдың соңғы биік тұғырына айналған бәйтерегі аталады. Бұл кісі жайында немістің ұлы ақыны Гете сопылық жолдың ең соңғы биік алыбы – деп бағалаған. Және Гетеңің өзіне, бір замандасы “сіздің не арманыңыз бар, әлемде сіздей биік ақын жоқ шығар дегенде” олай демеңіз, ақындардың құдіреті Шығыста, оның “Жеті жұлдызының ең төменімен менің арам аспан мен жердей” дегені әлемге әйгілі. Батыстың бірсыпypyra елдеріне өлең-жырдың үлкен үлгісін тастағандардың ішінде де осы Әбдірахман Жәмиді межелемеуі мүмкін емес. Шындалп келгенде бұл мектептің яғни, Жәми мектебінің үлгі-өнеге болмаған жері кем де кем болар. Әдетте біз Пушкиннің “Евгений Онегиніндегі” Татьянаның хатын әлі күнге дейін жігітке хат жазған қыздың бейнесін бұрын-соңды айтылмаған жаңалық деп жар саламыз. Ал Әбдірахман Жәмидің “Жұсіп-Зылихасындағы” Зылиханың жан дүние толқынының жоғарғы аталмыш жаңалығымыздан биік

тұрғаны анық. Осы жерде бәлкім Александр Пушкиннің өзі де жалпы Шығыс поэзиясынан хабардар болмаған деп кім айтады демекпіз. Тағы бір айта кететін жайт, біздегі халық ақындарының жырындағы кең тараған “Жүсіп-Зылиха” дастаны да көбіне-көп осы Жәми дастанымен астасып жатады.

Ал өзіміздің Абай атамызға бас үрсақ та алдымыздан Жәми бабамыз шыға келетіні тағы бар. Мысалы Абайда:

Өсек, өтірік, мақтаншак,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дүшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым ойлап қой,
Бес асыл іс, көнсөңіз, – десе, Ә. Жәми осыдан алты ғасыр бұрын:

Әмір жақсы, тұрмыстың сен тауқыметін
тартпасаң,
Бес нәрсе бар – дейді дана үмітінді ақтасаң,
Денсаулық пен бейбітшілік, жаның тыныш,
тоқ болсаң
Сыр ашатын досың болып, әркімгे оқ атпасаң, –

дейді Жәми. Ұқсастық, үйрену мектебі бар ма, бар. Ал “Ескендернама” ше, ол да біздің Абай атамызға үлкен әсер етіп, өзіміз үлгі тұта оқитын қазынамызға айналғаны бесенеден белгілі.

Демек қай жағынан болмасын ұлағатты шарапатын бір кездे бүкіл Азия жүртшылығына қанат жайдырса, бүгінгі таңға дейін бүкіл Еуропа еліне үлкен үлгі тастаған ғұлманың күн нұрындай ашық көкірегінен сәуле шашқан бейнесі мәңгі өшпек емес. Оған өзінің ашық та, әсерлі жыр шумақтары күә:

Қандай адам жақсы екенін білгің келсе айтайын,

Жан дүнием жар салатын өзгеше бір үніммен.

Ел басына күн түскенде нағыз адам айқайын,

Естисің сен теңесетін бір сәт көкте күнменен, – деп нағыз елі үшін, бір сәтте құрбан бол кететін жанның бейнесін берсе, енді бірде:

Бір мұсәпір жолаушыға қызық сауал қойыпты:
“Жат жүрттықпен жаным неге сырластың деп
соншама?”

Ол түрік те мен тәжікпін, – деп күдікті жойыпты,
Ниет тілі бір ғой бірақ, ұлты бөлек болса да”, –

деп ұлы ақын қай ұлт болмасын ниеті таза
жандардың мұддесі бір екенін айқайсыз-ақ
ақырын жеткізіп береді.

Бұл кісіні біз қанша жерден сопылық жол-
ды қатты ұстаған екен, тіпті соның соңғы
алыптарының бірі болды дегеннің өзінде де,
кімге болсын әркімді өз тіршілік тірлігіне
қарай бағалап, оның, яғни алып отырған
межелі бейнесінің өү басындағы жаратылыс
болмысынан тыскәрә кеткен сәттерін ғана
жыр садағына алып отырған және оның атақ-
дәрежесінен ықпаған шайыр, оны біз мына
өлеңдерінен білеміз:

О, Қожасы! Тәу етесің бір аллаға сан қабат,
Жүрген жандай бар күнәні өзің ғана арқалап.
Қанша жерден қиналсаң да, шапағатың жоқ бізге
Таста оны, мерт боларсың қара жерді қалқалап,

— деп жыр жебесін діндар қожаның жағымсыз мінезіне сілтесе, енді бірде:

Әділ патша оқымай-ақ Құранды –
Биік тұрар басшысынан діндардың.
Сенім, салтың болар бәлкім күмәнді
Әділ елдің мықтылығын анғардым, –

деп адам жан дүниесі діни қағидасыз да әділ болуға болатындығын және оның биіктік парасатының әмәнда төмендемейтінін қалың елге паш етеді. Демек әділдік орнататын адамгершілігі мол жандардың лауазымы биік болсын, төмен болсын оған қарамайтындығына қарапайым елдің көзін жеткізеді. Ал мына бір жыр жолында:

Патшаңда егер ес болмаса не шара,
Көрінбес-ау еңселі елдің шоқтығы.
Түк ұқпайтын жан болса ол бейшара,
Еліңе сор, естіңнің де жоқ күні... –

дейді ұлы ғұлама шайыр. Патшаның биік дәрежесінен, немесе діндар қожалардың жағымсыз іс-қылыштарынан тартынып, неме-

се сескеніп жүргөн шайырды байқамаймыз. Қашан болсын айтар ойын ықпай айтып, қағазға түсіріп отырған ұлы шайырдың кейінгіге мәңгі өнеге боп қалуында осы себепті болар.

Өзі ұлы Низамидің жолын жалғастырушы болса, ал бұл кісінің өзі де Шығыстың үлкен алыптарының бірі Әлішер Науайға ұстаз болғаны аян. Әлішерді сонау Бұхарадан алдырытып, Герат қаласындағы Әмірдің бас уәзірлігіне ұсынады. Ал жас ғұлама болса бір жағынан әкімшілігін ала жүріп, екінші жағынан Әбдірахман Жәмиден ұлағат сабағын алып жүруден жалықпайды. Әбдірахман Жәми негізінен араб, парсы тілдерінде жазған, ал түрік тілінде де аздап хабары болған көрінеді. Біз жоғарыда мысалға келтірген өлең шумағы осы Әлішер Науай тұрғысында айтылған жайға саяды. Екі ұлы тұлғалардың арасындағы достық мәңгі жарасымын тапқан. Хорасан төңірегінен нұрын шашқан Әбдірахман Жәми шайырдың жыр жолдарын алғашқы рет өзбек тіліне аударған Әлішер Науай болады. Бұл кісі аударған

“Қырық хадис” кейін санскрит, грузин, түрік, әзіrbайжан, түркмен, араб, пашту, урду, панжаби және Қыыр Шығыс тілдеріне қанат жайып кетеді.

Біз жоғарыда 50-ге тарта шығармалары барын айтып кеттік, нақтырақ айтар болсақ, “Жеті тақ” /Хафтауринг/ аталатын ірі-ірі жеті дастанынан басқа күрделі-күрделі 31 жыр жинақтары /Кұллиаты/ болған. Оған біз аяқталмаған екі түсініктемесін “Құран жайлы”, “Құпия кілт” жайлы және жоғалып кеткен 2 еңбегін қоса есептегендеге әр саладағы ғылыми еңбектерімен 46 шығармасы белгілі екені анықталған.

Өзінің жыр жолдарының қай саласында болмасын тек адам бойындағы жан дүниесінің тазалығы мен болмысындағы қасиетін қастерлей жырлаған шайырдың толғанысы бейбітшілік, жұмақ ғұмырды аңсағаны белгілі. Еңбек төңірегіндегі тату-тәттілік пен ынтымақ-бірлікті қалап өткені тағы да әлемге айғақ. Мысал ретінде мына бір өлеңін алайықшы:

Ол шаһардің адамдары срекше,
Патша, Князь болмайды онда бөлекше.
Жоқ оларда бай, кедейдей бас қамы,
Бауырлардай бір тұтасқан жас-кәрі.
Еңбек етер маңдай терді сыпрылып,
Тоқ болады жер жемісін пісіріп,
Әдет-ғұрпы бүлінбеген таза ел,
Соғысынды білмейтүғын мазалы ел.
Тамылжып тұр бау-бақшасы әр үйдің,
Ecігі ашық ел деп ғажап танимын...

дейді ұлы ғұлама шайыр, біздің бүгінгі таңдағы аңсал құткен адамгершілік тұрғыдан сөйлеп. Ұлы шайыр жасағалы арада алты ғасырдай уақыт өткенмен, аңсаған арман-мұддесі мен жасаған жыр жолындағы ұлағаты әлі күнге өз мәнін жоғалтпай жарқырай тұсуде. Тазалық құдіреті, даналық құдіреті, адамгершілік құдіреті осы болса керек. Біздің де мәңгі тағымы ететін тұғырымыз да, піріміз де, діліміз де осындай жандарға бағышталып жатса арман бар ма. Жасай берсін әлемнің мәңгі өшпес жауһар тұлғалары.

Алғы сөзін жазған С. ОСПАН.

ҒАЗЕЛДЕР

Ғашықнама /Тарджибанд/

I

Сенің жүзің ай сияқты
жерге төккен сәулесін,
Тұн пердемен жаппаши оны
әуре болып сәулешим.
Толқынданған шашыңа біз
тұтқын болып көмілдік,
Шыбын жанды қинайсың сен
қалжыраған беу несін.
Үн қатқанда өзің бізге
байланды ғой тіліміз, –
Тәтті үнің жайлап алды
әркімдердің қеудесін!

Бізге сенің жалғыз демің
 жетіп жатыр өлуге,
 Көрсетесің үлбіреген
 ерніңдің сен несін?
 Қайғы-мұндан, жылай-жылай
 жаным менің күйзелді, –
 Құлімдеші бір тіл қатып
 көңлім тасып сөнбесін.
 Қайдасың сен? Жерім де жоқ
 іздеп сені бармаған, –
 Жанымды сен жайлап алдың
 басына адам бермесін.
 Бойда қуат сарқылғанша
 қалмайын мен соңынан,
 Құлай қалсам сүріндірсін
 сенің ғана жолынан,
 Отырайын ғашықтықтан
 бойым балқып қайғы жеп,
 Қиял құшып көрдім дейін
 құпиялы айды деп.

2

Бойың сенің тал шыбықтай.
 Қалды менің құр сұлдем:
 Өзінді ойлап шыбын жаным
 тағат таппай күрсінгем.
 Кең қеудемнен тұлеп ұшып
 бір өзіңе рухым
 Ғажайып бір тәтті армандай
 жанды елітіп жүрсің сен.
 Бір сен үшін есім шығып
 елес болып кетемін, –
 Көнілімді қимай жебеп
 жүрген жәннәт гүлсің сен.
 “Қинамасын отты лебіз –
 десем – сенің жаныңды”,
 Өкпелейсің, дегендей-ақ
 мына жалған құрсын кең.
 Ант бер десен ант берейін:
 бір өзіңнен айрылсам,

Жан мен тәнім қақ бөлінсін
 қасіретпен тынсын дем!
 Сенің мысың мені басып,
 аяғыңа жықты әкеп
 Тап бүгін мен қасіретімнен
 ада болдым мұн сіңген,
 Ал ертең мен жер жастаңып
 есігіңің алдында,
 Өліп кетсем арманым жоқ!
 Нар тәуекел жұтсын жер,
 Жатайын мен ғашықтықтан
 бойым балқып қайғы жеп,
 Қиял құшып көрдім дейін
 құпиялы айды деп.

3

Айрылған жан тап өзіңнен,
 ең бақытсыз сол адам.
 Кездесуге жол таппадым
 сан жолдардан ораған.

Есік жақты сілтеп мені
 қуғанменен бәрібір,
 Жүргегімнен орын тептің
 дау айта алмас жан адам.
 Елдің бәрі елітуде
 көз қандырар көркіне, –
 Қиши соның бір қызығын
 қызығымды тонаған!
 Мен тозаңмын, ал сен болсаң
 нұрын төккен күнімсің,
 Қасында күн кім едім мен
 пар келуге жараган:
 Сенің әсем дүр мұсінің
 таң қалдырар әлемді,
 Сан сұлуды көзбен тізсем
 тең келері жоқ оған!
 Өзің маған: “Қайғы жұтып
 отыр, – дедің – қарағым,
 Құтылыш көр, тұтқынымсың
 әдеіі өзім қалаған”.

Онда сен де, өтінемін
 отыр менің жаныма.
 Қайғы отын өшір өзің
 әл берместен бораған,
 Отырайын ғашықтықтан
 бойым балқып қайғы жәп,
 Қиял құшып көрдім дейін
 құпиялы айды деп!

4

Періштем-ау жоқ қой сенің
 біздер жаққа қарағың,
 Құдай куә жанарларға
 қуаныш боп тарадың.
 Сен жердесің, Ай аспандა
 бар айырма тек сонда
 Сан рет мен оймен өлшеп
 бір-біріңе баладым.
 Ал далада сұлуулығың
 алтын дәнмен теңесер –